

**"Отбасы банк" АҚ**  
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. "Отбасы банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, "Отбасы банк" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Банктің жұмыскерлері, қызметкерлері мен кеңес берушілері үшін лауазымдық міндеттері мен шарттық міндеттемелерін орындау кезінде мінез-құлықтың құндылық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін құру арқылы Банктегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: қаржы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Банктің жұмыскерлері, қызметкерлері мен кеңес берушілері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Банктің беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Банк жұмыскерінің/қызметкерінің тікелей немесе негізгі басшысына не кеңес берушілер желісінің жұмысын үйлестіретін бөлімшенің басшысына мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін немесе шарттық міндеттемелерін орындау кезінде жеке мүдделілігі туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

5) қызметтік міндеттері мен шарттық міндеттемелерін орындау кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) әріптестеріне және басшыларына өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік немесе өзге де шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден қалыс қалу;

7) басқа жұмыскерлерді, қызметкерлер мен кеңес берушілерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді көтермелемеу;

8) қызметтік өкілеттіктері мен шарттық міндеттемелерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

9) қызметтік және өзге де ақпаратты, оның ішінде шарттық міндеттемелерді орындау процесінде алынған, таратылуға жатпайтын ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында пайдаланбау;

10) егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастардағы адамдарға (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), бауырлары, әпкелері, балалары, жекжаттары (жұбайының (зайыбының) бауырлары, әпкелері, ата-аналары және балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындаудан (не тапсырма/ақылы қызмет көрсету шартын жасасудан) бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

12) жеке және заңды тұлғалардың кредиттік өтінімдері мен өзге де өтініштерін қарау кезінде сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы, оның ішінде қандай да бір пайда алуға итермелеу, негізсіз бюрократизм мен әуре-сарсаңға салу туралы жұмыскердің/қызметкердің басшысына не кеңес берушілер желісінің жұмысын үйлестіретін бөлімше басшысына дереу баяндау;

13) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән келтіретіні туралы жұмыскердің/қызметкердің тікелей немесе негізгі басшысына не кеңес берушілер желісінің жұмысын үйлестіретін бөлімшенің басшысына дереу жазбаша нысанда хабарлау;

14) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған

басшылыққа жүгіну;

15) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

16) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

17) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббизм жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;

18) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Банктің өзге де мүлкін және қызметтік ақпаратты, сондай-ақ шарттық міндеттемелерді орындау процесінде алынған ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау.

5. Қарамағындағы жұмыскерлермен қарым-қатынаста барлық деңгейдегі басшылар:

1) кадрларды туыстық және жерлестік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) қарамағындағы жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға;

3) қарамағындағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

4) қарамағындағылар қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

5) қарамағындағыларға анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын өкімдерді, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдерді бермеуге;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбауға;

7) қарамағындағы жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;

8) қарамағындағылар мен басқа да жұмыскерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;

9) қарамағындағы жұмыскердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы кешенді шаралар қабылдауға;

10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде жан-жақты шаралар қабылдауға;

11) қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;

12) қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге;

13) өзінің мінсіз мінез-құлқымен қарамағындағы жұмыскерлерге үлгі көрсетуге міндетті.

6. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және олардың қарамағындағы жұмыскерлер мен өзге де бақылаудағы адамдар (қызметкерлер, кеңес берушілер) арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.